



Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау
және реформалар агенттігі
Ұлттық статистика бюросы

Сапа бойынша есеп

Жас топтары бойынша туу коэффициенттері

Мазмұны

- S.1 Байланыс деректері
- S.2 Өзектілік- кіріспе
- S.3 Метадеректерді жаңарту
- S.4 Статистикалық ақпаратты ұсыну
- S.5 Өлшем бірлігі
- S.6 Есепті кезең
- S.7 Құқықтық негіз
- S.8 Құпиялылық және деректерді қорғау
- S.9 Жарияланымдар саясаты
- S.10 Тарату жиілігі
- S.11 Тарату форматы, қолжетімділік және нақтылық
- S.12 Құжаттаманың қолжетімділігі
- S.13 Сапаны басқару
- S.14 Өзектілік
- S.15 Дәлдік және сенімділік (байқау түрін ескерумен толтырылады)
- S.16 Уақыттылық және ұқыптылық
- S.17 Салыстырмалылық
- S.18 Келісушілік
- S.19 Жүктеме
- S.20 Деректерді қайта қарау
- S.21 Статистикалық деректерді өңдеу
- S.22 Ескерту

S.1 Байланыс деректері

S.1.1 Ұйым

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы

S.1.2 Құрылымдық бөлімше

Халық статистикасы департаменті

S.1.3 Байланыс адамының аты

Рысбаев Қайыр Қайыргелдіұлы

S.1.3.1 Жауапты құрылымдық бөлімше басшысының аты

Ханжігітов Нұрлан Еркенұлы

S.1.5 Байланыс адамының пошталық мекенжайы

010000, Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл өзенінің сол жағалауы, Мәңгілік ел даңғылы 8, Министрліктер үйі, 4-кіреберіс

S.1.6 Байланыс адамының электрондық мекенжайы

k.rysbaev@aspire.gov.kz

S.1.7 Байланыс адамының телефоны

+7 (7172) 74 93 43

S.2 Өзектілік- кіріспе

Туу - негізгі демографиялық процестердің бірі, ол осы елді мекендегі бала туудың жиілігімен және сипаттамасымен (анасының жасы, бала туудың кезектілігі және т.б.) анықталады.

Жас топтары бойынша туу коэффициенттері туу жағдайын және динамикасын талдауға жақсы мүмкіндік беретін туу көрсеткіштерінің бірі болып табылады. Жас топтары бойынша туу коэффициенттері туу қарқындылығының динамикасын және аумақтық дифференциациясын дәл көрсете алады.

S.3 Метадеректерді жаңарту

S.3.1 Жаңартылған метадеректерді соңғы растау

06.11.2019

S.3.2 Метадеректерді соңғы орналастыруы

06.11.2019

S.3.3 Метадеректердің соңғы жаңаруы

06.11.2019

S.4 Статистикалық ақпаратты ұсыну

S.4.1 Деректерді сипаттау

Туу, туу коэффициент бес жылдық жас топтары бойынша, жиынтық туу коэффициенті

S.4.2 Жіктеу жүйесі

ӘАБО - Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуіші; ЖТАЛ - Жас топтамаларының анықтамалығы

S.4.3 Секторлық қамту

Байқауға есепті жылда барлық бала туған әйелдер кіреді. Әйелдердің орташа жылдық саны, анасының жасы бойынша туу саны, әкімшілік-аумақтық өзгерістер.

S.4.4 Статистикалық тұжырымдамалар және анықтаулар

Туудың есептік көрсеткіштерінің маңыздылығы демографиялық құбылыстарды талдау мен елдегі және оның өңірлеріндегі демографиялық ахуалды бағалаудағы рөлімен байланысты. Туу көрсеткіштерін есептеу және талдау демографиялық зерттеулер, сондай-ақ денсаулық сақтау, білім беру және әлеуметтік саясат органдарының қолдануы үшін қажет.

Репродуктивті кезең (жас) - әйел бала тууға қабілетті уақыт кезеңі. Статистикалық мақсаттар үшін көптеген елдерде шартты түрде 15-49 жас кезеңі қабылданады. Жас топтары бойынша туу коэффициенті күнтізбелік жылда әрбір жас тобында туудың орташа деңгейін сипаттайды.

Халықтың көбеюі - туу мен өлім-жітімнің өзара әрекеттесуі нәтижесінде адамдардың ұрпақтарын үздіксіз жаңару процесі.

S.4.5 Статистикалық объект

Қазақстан Республикасының тұрақты тұрғындары

S.4.6 Бас жиынтық (зерттеу бірлігінің іріктеу қағидаты)

Іріктемелі зерттеулер өткізілмейді

S.4.7 Аумақтық қамту

Қазақстан Республикасы (барлық облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана)

S.4.8 Қамту уақыты

2000 жылдан бастап 2021 жылға дейін

S.4.9 Базалық кезең

Былырғы жылдың тиісті кезеңімен ара қатысы белгіленеді

S.5 Өлшем бірлігі

Мың адам

S.6 Есепті кезең

жыл

S.7 Құқықтық негіз

S.7.1 Құқықтық база

1.«Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы №257-IV Заңы.

2.Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 9 шілдедегі №173 бұйрығымен бекітілген Респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну қағидалары.

3.Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының м.а. 2010 жылғы 14 шілдедегі №183 бұйрығымен бекітілген Әкімшілік дереккөздердің әкімшілік деректерді өтеусіз негізде ұсыну қағидалары.

4. Белгіленген заңнамалық тәртіппен Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы басшысының бұйрығымен бекітілетін Статистикалық жұмыстар жоспары.

5. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы басшысының бұйрығымен бекітілетін Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигі.

6. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 20 мамырдағы №113 бұйрығымен бекітілген Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигінде көзделмеген және респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну графигіне сәйкес респонденттер ұсынатын алғашқы статистикалық деректер негізінде әзірленген статистикалық ақпаратты өтеусіз негізде беру қағидалары.

7. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 2 шілдедегі №168 бұйрығымен бекітілген Деректер базаларын сәйкестендірілмеген түрінде ғылыми мақсаттарда ұсыну және пайдалану қағидалары. ҚР Әділетминінде 2010 жылы 13 тамыздарда №6388 болып тіркелген.

8. Статистика бойынша әдіснамалық ережелер, Астана 2018. Толықтырылған төртінші басылымы. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті.

S.8 Құпиялылық және деректерді қорғау

S.8.1 Құпиялылық саясаты

1. «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы Заңының 8-бабы, респонденттерге ұсынатын деректердің құпиялық және қорғалу кепілдіктерін қамтамасыз етеді

2. 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 28-бабы коммерциялық құпиядан тұратын ақпаратты қорғауды қамтамасыз етеді.

3. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы (бұдан әрі – Бюро) басшысының 2021 жылғы 10 ақпандағы №20 бұйрығымен бекітілген Ақпараттық қауіпсіздік саясаты (бұдан әрі – Саясат) Бюроның ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы мақсаттарын, міндеттерін, басқару қағидастары мен практикалық тәсілдерін айқындайды. Саясаттың негізгі мақсаты ресми статистикалық ақпараттың қолжетімділігі. Бюроның есептеу техникасы құралдарында, оның тұтастығын және теңтүпнұсқалығы жағдайында өңделетін және сақталатын ақпараттың құпиялығын қамтамасыз ету болып табылады.

S.8.2 Құпиялылық – деректермен жұмыс істеу

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 2 шілдедегі № 168 бұйрығымен бекітілген Дерек базаларын қайта сәйкестендірілмеген түрін ғылыми мақсаттарда ұсыну және пайдалану қағидалары ҚР Әділетминінде 2010 жылы 13 тамызда №6388 болып тіркелген.

S.9 Жарияланымдар саясаты

S.9.1 Жарияланым күнтізбесі

«Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы № 257 Заңының 26-бабының 1 және 2-тармағына сәйкес.

Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигі ҚР СЖРА ҰСБ сайтында www.stat.gov.kz «Негізгі» бөлімінде// «Негізгі құжаттар» орналасқан.

S.9.2 Графикке қол жеткізу

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының www.stat.gov.kz сайтында "Негізгі" // "Негізгі құжаттар" бөлімінде барлық пайдаланушыларға бірдей және бір мезгілде қолжетімді.

S.9.3 Пайдаланушы үшін қол жеткізу

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының www.stat.gov.kz сайтында Ресми статистикалық ақпарат - Салалар бойынша - Демографиялық статистика - Жедел ақпарат – Қазақстан Республикасының жас топтары бойынша туу коэффициенттері.

S.10 Тарату жиілігі

жыл

S.11 Тарату форматы, қолжетімділік және нақтылық

S.11.1 Жаңалықтарды жариялау

Баспасөз хабарламалары жарияланбайды

S.11.2 Жарияланымдар

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының www.stat.gov.kz сайтында Ресми статистика:

- Басты - Ресми статистика - Салалар бойынша - Демографиялық статистика - Жедел ақпарат - Жас топтары бойынша туу коэффициенттері;

- Басты - Ресми статистика - Жарияланымдар - Статистикалық жинақтар - Қазақстанның демографиялық жылнамалығы;

S.11.3 Онлайндық деректер базасы

"Талдау" ақпараттық талдау жүйесі - Демографиялық статистика - Халықтың табиғи қозғалысы - Туу - Жас топтары бойынша туудың коэффициенттері

S.11.3.1 АС1. Деректер кестесі -кеңестер

Жүзеге асырылмаған

S.11.4 Микродеректерге қолжетімділік

Деректер базаларын сәйкестендірілмеген түрінде ұсыну Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 2 шілдедегі №168 бұйрығымен бекітілген Деректер базаларын қайта сәйкестендірілмеген түрінде ғылыми мақсатта ұсыну және пайдалану қағидаларымен реттеледі. СЖРА Ұлттық статистика Бюросының www.stat.gov.kz сайтында орналастырылған).

S.11.5 Өзге де

S.11.5.1 АС 2. Метадеректер – кеңестер

Жүзеге асырылмаған

S.12 Құжаттаманың қолжетімділігі

S.12.1 Әдіснама бойынша құжаттама

ҚР СЖРА ҰСБ www.stat.gov.kz сайтында Ресми статистика Басты – Әдіснама - Демографиялық статистика - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2019 жылғы 29 шілдедегі № 3 бұйрығымен бекітілген туу көрсеткіштерін есептеу әдістемесі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 5 тамызда № 19190 болып тіркелді.

S.12.2 Сапа бойынша құжаттама

1.Қазақстан Республикасы СЖРА Ұлттық статистика бюросы басшысының 2020 жылғы 16 қарашадағы бұйрығымен бекітілген Сапа саласындағы саясат.

2.Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2015 жылғы 30 наурыздағы № 53 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік органдардың статистикалық ақпаратты түзу үдерісін сипаттаудың үлгілік әдістемесі.

3.Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2018 жылғы 23 мамырдағы № 63 бұйрығымен бекітілген Ресми статистикалық ақпараттың сапасын бағалау әдістемесі.

S.13 Сапаны басқару

S.13.1 Сапаны қамтамасыз ету

Демографиялық статистика бойынша деректердің сапасы және анықтығы жалпы мақұлданған рәсімдермен құпталады:

-бастапқы есепке алудың негізгі принциптерін сақтау.

-бастапқы деректерді өңдеу кезеңдерінде бақылаудың барлық схемалары әзірленген және енгізілген (форматтық-логикалық, арифметикалық).

-статистикалық деректерге салыстырмалы талдау жүргізіледі (динамикада, әкімшілік деректермен, салааралық).

S.13.2 Сапаны бағалау

Туу көрсеткіштерін есептеу бойынша әдістеме халықаралық стандарттарға сәйкес қалыптастырылатын және «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы Заңына сәйкес бекітілетін статистикалық әдіснамаға жатады. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2019 жылғы 29 шілдедегі № 3 бұйрығымен бекітілді.

S.14 Өзектілік

S.14.1 Пайдаланушылардың қажеттіліктері

Ақпаратты пайдаланушылар: Тәуелсіз мемлекеттер достастығы Статистикалық комитеті, Еуропалық экономикалық, ҚР басқа да мемлекеттік органдары, жеке және заңды тұлғалар.

S.14.2 Пайдаланушы-лардың қанағаттанушылығы

Бюро жыл сайын ресми статистикалық ақпаратты пайдаланушыларға Q-002 "Пайдаланушылар сауалы" сауалнамасына сәйкес сауал салу жүргізеді.

S.14.3 Толықтығы/ R1. Деректердің толықтығы - үлес

Қолданылмайды

S.15 Дәлдік және сенімділік (байқау түрін ескерумен толтырылады)

S.15.1 Жалпы дәлдік

Туудың жас коэффициенттері күнтізбелік жылдағы әр жас тобындағы тудың орташа деңгейін сипаттайды. 20 жасқа дейінгі жас тобы үшін коэффициентті есептеу кезінде 15-19 жастағы әйелдер саны бөлгіш ретінде қабылданды. 15-49 жас топтары үшін коэффициентті есептеу кезінде алымға 15 жасқа дейінгі, сондай-ақ 50 және одан жоғары жастағы аналарда туылғандарды қоса алғанда, барлық туғандар кіреді.

$$ASFR=(Bx/Fx)*1000$$

мұнда:

ASFR - туудың жасына қарай коэффициенті; bX - x жастағы әйелдерден туғандар саны;

fX - x жастағы әйелдердің орташа жылдық саны

2021 жылға жас топтары бойынша туу коэффициенті

Жас топтары бойынша туу коэффициенті 2021 жылы 15-19 жаста – 23,8; 20-24 жас – 180,28; 25-29 жас – 201,51; 30-34 жас – 142,95; 35-39 жас – 90,52; 40-44 жас – 24,55; 45-49 жас – 1,36 құрады.

15-49 жаста 1000 әйелге ең көп туылған балалар саны Түркістан облысында – 146,32, ал ең аз туылған бала Алматы қаласында – 64,77.

S.15.2 Іріктеме қатесі - индикаторлар/ A1.

Қолданылмайды

S.15.3 Іріктемемен байланысты емес қате

Қолданылмайды

S.15.3.1 Қамту қатесі

Қолданылмайды

S.15.3.1.1 А2. Қамтуды арттыру - үлес

Қолданылмайды

S.15.3.1.2 А3. Жалпы бірліктер - арақатынас

Қолданылмайды

S.15.3.3 Жауап жоқ болу қателері

S.15.3.3.1 А4. Жауап жоқ болу бірлігі – үлесі

Қолданылмайды

S.15.3.3.2 А5. Жауап жоқ болу тармағы – үлесі

Қолданылмайды

S.16 Уақыттылық және ұқыптылық

S.16.1 Уақыттылық

S.16.1.1 TP1. Күту кезеңі – алғашқы нәтижелер

Әкімшілік дереккөздердің ұсыну мерзімінен бастап жариялауға дейінгі, нәтижелерді өңдеуге жұмсалған уақыт 110 күнді құрайды. Нәтижелер жедел ақпаратта жарияланады. Шығарылым күні Статистикалық жұмыстар жоспарында және Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигінде жарияланған және бекітілген. ҚР жас топтары бойынша туу коэффициенттерінің мәліметтері есепті кезеңнен кейінгі 110–күні жылдық негізде жарияланады

S.16.1.2 TP2. Күту кезеңі – соңғы нәтижелер

Алғашқы нәтижелер түпкілікті болып табылады.

S.16.2 Ұқыптылық

S.16.2.1 Ұқыптылық/TP3

Деректер Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен Ұлттық экономика министрінің 2020 жылғы 13 қазандағы №76 бұйрығымен бекітілген Статистикалық жұмыстар жоспарына сәйкес және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының бұйрығымен бекітілген Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигіне сәйкес жарияланады. Нақты және жоспарлы күндер сәйкес келеді, 2021 жылға жариялау мерзімінің бұзылуы болған жоқ. Егер жарияланым демалыс немесе мереке күндеріне түссе, жарияланымды шығару келесі күнге ауыстырылады.

S.17 Салыстырмалылық

S.17.1 Географиялық салыстырмалығы

Қазақстан Республикасының аумақтары шеңберінде

S.17.1.1 Ағындардың айналы статистика бойынша ассиметриясы – коэффициент/СС1

Жоқ

S.17.2 Салыстырылатын уақытша қатарлардың ұзақтылығы/СС2

ҚР жас топтары бойынша туу коэффициенттерінің көрсеткіштері бойынша динамикалық қатарлар 2000 жылдан бастап 2021 жылға дейін. Осы динамикалық қатарлар СЖРА ҰСБ ресми сайтында www.stat.gov.kz – Басты – Ресми статистика – Жарияланымдар – Статистикалық жинақтар – Демографиялық жылнамалық жылдар бойынша (соңғы 5 жыл бойынша серпін) және "Талдау" ақпараттық-талдамалық жүйесінде - Демографиялық статистика - Жас топтары бойынша туу коэффициенттерінде жарияланған.

S.18 Келісушілік

S.18.1 Сыртқы келісушілік, айқасқан

Әдістеме Біріккен Ұлттар Ұйымының "Халықтың табиғи қозғалысын статистикалық есепке алу жүйесіне арналған қағидаттары мен ұсынымдарына (2015) сәйкес келеді. Денсаулық сақтау министрлігі, Экономикалық зерттеу институты, басқа да ғылыми-зерттеу ұйымдары осы көрсеткішті өз есептеулерінде пайдаланады.

S.18.2 Ішкі келісушілік

Графикте көрсетілгенде ең көп туу 25-29 жас аралығына келеді. Барлық жас топтарында ауылдық жерде туу көрсеткіші қалалық жерден жоғары.

S.19 Жүктеме

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің (бұдан әрі – ҚР Әділетмині) АХАЖ АЖ-нен туу туралы актілер, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің (бұдан әрі – ҚР ДСМ) ХТП АЖ-нен туу туралы медициналық куәліктер Бюроның ХСТ-не онлайн режимде түседі. Ай сайын есептік кезеннен кейінгі 10 күні ХСТ АЖ «АХАЖ жүктелімі» модулінен жүктелім талаптарына сай «Туу» оқиғалары бойынша кестелер жүктеледі. Қалыптастырылған «Туу» кестесі форматты-логикалық бақылауға және толықтығына тексеріледі. Мәліметтердің қате немесе толық еместігі анықталса бұл жазбалар облыстық және қалалық статистика департаменттеріне әкімшілік дерккөздермен жұмыс жасауға беріледі.

Содан кейін есептік кезеннен кейінгі айдың 25 күні пысықталған «Туу» кестесі Бюроның Ақпараттық есептеу орталығына беріліп, ол жерде деректерді өңдеу және ағымдағы жылға арналған статистикалық жұмыстар жоспарына сәйкес кестелер шығарылымы жүргізіледі.

Кейін қалыптастырылған кестелер Бюроға беріледі, онда ақпаратты талдау, бекіту және тарату жүргізіледі.

S.20 Деректерді қайта қарау

S.20.2 Деректерді қайта қарау /А6

Статистикалық құралдар мынадай жағдайларда қайта қаралады:

- 1) НҚА-ға өзгерістер енгізу;
- 2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмалары;

3) статистикалық әдіснаманы халықаралық стандарттарға сәйкестікке келтіру .

2021 жылға ресми статистикалық ақпаратты қайта жариялау болған жоқ.

S.21 Статистикалық деректерді өңдеу

S.21.1 Бастапқы деректер

Туу туралы деректер көзі ҚР Әділетмінің және ҚР ДСМ әкімшілік деректері болып табылады.

S.21.2 Зерттеу кезеңділігі

жыл

S.21.3 Алғашқы статистикалық деректерді жинау әдісі (тәсілі)

Алғашқы статистикалық деректерді жинау Бюроның ХСТ АЖ-мен әкімшілік дереккоздердің ақпараттық жүйелерінің интеграциялау арқылы орталықтандырып жүзеге асырылады.

S.21.4 Алғашқы статистикалық деректердің анықтығы

S.21.5 Импутация - үлесі/А7

Қолданылмайды

S.21.6 Түзету

Қолданылмайды

S.21.6.1 Маусымдық ауытқуларға түзетулер

Жүзеге асырылмайды

S.22 Ескерту

Деректердің сапасын қамтамасыз ету жұмыстарын жалғастыру